

**ЖШС «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақшасы
АТА-АНАЛАРМЕН ЖИНАЛЫСЫНЫҢ**

Хаттамасы

Ақтөбе қаласы

№1

04.10.2024 жыл

Қатысқандар: Мекеме басшысы А.Ж.Уркимбаева, медбике М.Ж.Қонақбай, әдіскер, психолог, ата-аналары

Күн тәртібінде:

1. Топтар бойынша балалар жас ерекшеліктері
2. Ішкі тәртіп ережелерімен таныстыру.
3. Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңартудағы балаларды тәрбиелеу мен оқытудың тәсілдерін өзгерту бойынша түсіндіру жұмыстары. Жаңа мемлекеттік стандартымен, оқу жоспарымен, бағдарламамен таныстыру
4. 2024-2025 оқу жылының ата-анамен жұмыс жоспарымен таныстыру.
5. Ата-аналар комитетін сайлау.

Мақсаты: мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңартуға, балаларды тәрбиелеу мен оқытудың тәсілдерін өзгертуге қатысты ата-аналарға түсіндіру жұмыстарын жүргізу, тәрбиелеу -білім беру процесінің нәтижелі болуы үшін ата-аналардың жауапкершілігін арттыру.

Бөбекжай-балабақшасының әкімшілігі мен мамандарының қатысуымен жалпы ата-аналар жиналысы алдында ЖШС «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақшасы туралы бейнеролик көрсетілді, саулнама жүргізілді.

Тыңдалды: Бірінші сұрағы бойынша меңгеруші А.Ж.Уркимбаева 2024-2025 оқу жылына әзірлеу бойынша жұмыстар мәлімет берді: жылдық жоспар, ұйымдастырылған әрекеттерінің кестелерін, жас ерекшеліктеріне байланысты топтардың күн тәртібін дайындалды; барлық топтарда пәндік-дамытушылық орталар жаңартылды. Барлық жас ерекшеліктеріне байланысты топтар бойынша көрнекі дидактикалық, үлестірме материалдарын, топтық бөлмелердің жабдықтауын, топтық құжаттамаларын әзірлеуін бойынша тақырыптық тексерістің нәтижесімен таныстырды. Сонымен қатар, оқу жылының күзгі-қысқы жұмыс мерзіміне электр, су, жылу қондырғысының дайындығының төлқұжатымен таныстырды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде және мектепке дейінгі білім мен тәрбие беруді тиімді ұйымдастыру мақсатында 2024-2025 оқу жылында топтар келесідей құрылды:

№	Топ атауы	Топ	Оқыту тілі	Жасы	Саны
1	Балапан	Кіші	қазақ	2-3	20
2	Ертегі	Кіші	қазақ	2-3	20
3	Балдәурен	Кіші	қазақ	2-3	20
4	Балдырған	Кіші	қазақ	2-3	20
5	Самғау	Ортаңғы	қазақ	3-4	27
6	Қонжық	Ортаңғы	қазақ	3-4	26
7	Жұлдыз	Ортаңғы	қазақ	3-4	27
8	Бәйтерек	Ересек	қазақ	4-5	26
9	Күншуақ	Ересек	қазақ	4-5	27
10	Шағала	Ересек	қазақ	4-5	27
11	Ботақан	МАД	қазақ	5-6	27
12	Болашақ	МАД	қазақ	5-6	27

Құрылған топтар бойынша жалпы саны 294 тәрбиеленушілер.

Екінші сұрағы бойынша ата-аналар ЖШС «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақша тәрбиеленушілерінің ата-аналары үшін жасалған Ішкі тәртіп ережелерімен таныстырылды: мекеменің күн тәртібімен, келу және кеті тәртібімен, оның ішінде таңертең қабылдау және кешкі қоштасу кезінде балаға қолайлы микроклимат құру үшін ата-ана мен тәрбиеші баланың қажеттіліктеріне қатысты қажетті ақпаратпен алмасуға уақыт табылады, баланы балабақшаға қабылдау баланың денсаулық жағдайы туралы анықтамаға дейін қабылдау қағидалары негізінде жүргізіледі. Баланың дамуы

**ЖШС «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақшасы
АТА-АНАЛАРМЕН ЖИНАЛЫСЫНЫҢ**

Хаттамасы

Ақтөбе қаласы

№2

06.12.2024 жыл

Қатысқандар: б/б басшысы А.Ж.Уркимбаева, медбике М.Ж.Қонақбай, әдіскер, психолог, ата-аналар.

Күн тәртібінде:

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» жоспарымен, бұйрықтармен таныстыру.
2. Мемлекеттік қызмет көрсету және автоматизация туралы ата-аналарға түсіндірме жұмыстарын жүргізу.
3. «Екпе туралы», «Желшешек», «Жедел ішек аурулары», «Тұмаудың алдын алу» профилактикалық жұмыстар.

Бөбекжай-балабақшасының әкімшілігі мен мамандарының қатысуымен жалпы ата-аналар жиналысы алдында саулнама жүргізілді.

Тыңдалды:

Бірінші сұрағы бойынша меңгеруші А.Ж.Уркимбаева білім беру мекемесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыру туралы хабарлама берді: ЖШС «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақшасында ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы қатан түрінде сақталады. Әрі қарай, меңгеруші балабақшадағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша іс-шаралар жоспарымен таныстырды. МДҰ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс тобы ұйымдастырылды. Тәрбиеленушілердің ата-аналарынан ақша қаражатын заңсыз жинауға жол бермеу туралы ескертті. . Меңгерушінің жанындағы кеңестерде Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл жөніндегі МДҰ қызметін іске асыру барысы туралы үнемі қаралады. Сондай-ақ, ата-аналарға балабақшада сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат бойынша стенд ұйымдастырылғанын және шағымдар мен ұсыныстарға арналған пошта жәшігі мен сенім телефон бар екенін хабарлады.

Екінші сұрағы бойынша ата-аналарға Мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша түсіндірме берілді. «Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы №254 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидалары мен Мектепке дейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандартымен жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің анықтама телефондары Министрліктің www.edu.gov.kz интернет ресурсында «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде көрсетілген Көрсетілген қызметті беруші: мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін. Мемлекеттік қызмет кезек күту тәртібімен көрсетіледі, алдын ала брондау және жеделдетілген қызмет көрсету; портал: жөндеу жұмыстарымен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы. Мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша слайд-презентация қосымшада.

Үшінші сұрағы бойынша «Екпе туралы», «Желшешек», «Жедел ішек аурулары», «Тұмаудың алдын алу» профилактикалық жұмыс туралы балабақша медбикесі мәлімет берді. Балаларға медициналық қызмет көрсетуді жетілдіру, психофизикалық денсаулығын сақтау, санитарлық нормалар мен қағидаларды, БҰ-да балалардың болу жағдайы мен тәртібіне қойылатын гигиеналық талаптарды сақтау мақсатында бөбекжай-балабақшада мейірбикесі Қонақбай М.Ж. «Универ» емханамен бірлесіп бір жылға арналған жұмыс жоспарын жасады. Бекітілген жоспарға сәйкес балаларды тексеру мен профилактикалық егулерді жүргізіледі. Топтағы үй-жайларды жинау кестесін, желдету кестесін әзірлесін және техникалық персоналдың қолын қойдырып, таныстырды. Бөбекжай-балабақша қызметкерлері мен ата-

**ЖШС «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақшасы
АТА-АНАЛАРМЕН ЖИНАЛЫСЫНЫҢ**

Хаттамасы

Ақтөбе қаласы

№3

06.02.2025 жыл

Қатысқандар: МДҰ-ның басшысы А.Ж.Уркимбаева, медбике Қонақбай М.Ж., психолог, әдіскер Ж.Т.Имамамдинова, ата-аналары

Күн тәртібінде:

1. Ата-аналармен діни экстремизм және терроризмнің профилактикасы бойынша жоспарымен таныстыру.
2. «Мен мектепке барамын!» ақпараттар, кеңестер беру.
3. «Төрле, төрле, аз Наурыз!» мереке арналған жоспарымен таныстыру
4. Әр түрлі сұрақтар

Мақсаты: мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңартуға, балаларды тәрбиелеу мен оқытудың тәсілдерін өзгертуге қатысты ата-аналарға түсіндіру жұмыстарын жүргізу, тәрбиелеу -білім беру процесінің нәтижелі болуы үшін ата-аналардың жауапкершілігін арттыру.

Бөбекжай-балабақшасының әкімшілігі мен мамандарының қатысуымен жалпы ата-аналар жиналысы алдында бөбекжай-балабақшасы туралы бейнеролик көрсетілді, саулнама жүргізілді.

Тыңдалды:

Бірінші сұрағы бойынша меңгеруші А.Ж.Уркимбаева Терроризмге қарсы алдын-ала жүргізілетін іс-шаралар жоспарымен таныстырды. Мақсаты: балабақшадағы терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша алдын алу сипатындағы іс-қимылдарды бекіту. Міндеттері: балабақшаның қауіпсіз жұмыс істеуіне жағдай жасау. Балабақша тәрбиеленушілері мен қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығын қорғау. Бұл жұмыс үш бағытта жүргізіледі: балалармен, ата-аналармен, педагогтармен және қызметкерлермен. Терроризмге қарсы қызметкерлермен нұсқау өткізіледі, МДҰ ғимаратына рұқсатнама жүйесін ұйымдастырылды. Балабақшада рұқсатнама тәртібі және бейнебақылау ұйымдастырылған. Тәрбиеленушілермен ағартушылық әңгімелесулер жоспар бойынша өткізіледі. Мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық, патриоттық тәрбие беруге бағытталған адаптивтік бағдарламалармен жұмыс жасауда. Топтарда рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беруге кітап бұрыштар ұйымдастырылған. Жыл бойы балаларды патриоттық тақырыптағы ұйымдастырылған іс-шараларға, байқауларға қатыстырады.

Екінші сұрағы бойынша ата-аналарға бөбекжай-балабақша психолог Ж.Имамадинова «Мен мектепке барамын!» кеңес берді. Мектепалды даярлықтың негізгі міндеттерінің бірі – болашақ бірінші сынып оқушысының мектепте оқуға қажетті жеке қасиеттерін қалыптастыру болып табылады. Осы міндетті іске асыру мақсатында балалардың іс-әрекеттердің ұйымдастырудың негізгі мақсаты – бастауыш мектепте оқуға балалардың зияткерлік, мотивациялық, эмоционалдық-еріктік дайындығына ықпал ететін және мектеп жағдайларына табысты бейімделуін қамтамасыз ететін білім беру ортасын құру. Балаларға мектепке психологиялық дайындықтың қажетті деңгейін қалыптастыруға, құрдастарымен және педагогтермен қарым-қатынас жасауға бағытталған белгілі бір логикаға құрылған өзара байланысты кіріктірілген сабақтар жүйесін ұсынады. Әрекетті ұйымдастырудың негізгі түрі – ойын- сабақтар. Барлық сабақтар балаларға қызықты саяхат, ойын түрінде өткізіледі, олардың барысында бала оқу міндеттерін қолжетімді тәсілдермен шешуге үйренеді.

Үшінші сұрағы бойынша әдіскер «Төрле, төрле, аз Наурыз!» мереке арналған жоспарымен ата-аналарды таныстырды. балалардың ішкі жан дүниесін дамыту, рухани әлемін жетілдіру бағытында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру. қазақ халқының

**ЖШС «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақшасы
АТА-АНАЛАРМЕН ЖИНАЛЫСЫНЫҢ**

Хаттамасы

Ақтөбе қаласы

№4

05.05.2025 жыл

Қатысқандар: ЖШС «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақшасының басшысы
А.Ж.Уркимбаева, медбике М.Ж.Қонақбай, әдіскер, психолог Ж.Т.Имамадинова,
шаруашылық меңгерушісі Г.И.Өңғарбай және ата-аналары

Күн тәртібінде:

1. Ашық есік күні «Мен не үйрендім»
2. «Мектепке баруға дайындық»
3. Ата-аналар мен бірге балабақша аймағын және топ алаңдарын көгалдандыру мен көріктендіру жұмыс жоспарымен таныстыру
4. Әр түрлі сұрақтар

Бөбекжай-балабақшасының әкімшілігі мен мамандарының қатысуымен жалпы ата-аналар жиналысы алдында әр топтың өткізілген «Ашық есік күні» іс-шараның ұзіндісі бейнеролик көрсетілді, саулнама жүргізілді.

Тыңдалды:

Бірінші сұрағы бойынша меңгеруші А.Ж.Уркимбаева сәуір айында өткізілген «Мен не үйрендім» ашық есік күні іс-шараның нәтижесінде тоқталды. Барлық топтарда Ашық есік іс-шара жоғары деңгейде өтті. Іс-шара барысында ата-аналар балаларының бір жылдағы даму деңгейін көре алды. Тәрбиешілер өз жұмысында әртүрлі формалары мен әдістерін қолданды: интеграцияланған сабақтар, ойындар, драматизация, балалардың танымдық-зерттеу қызметтерін. Тәрбиелеу-білім беру процесінде: әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылды; балалардың құқықтарын, өмірін қорғау, денсаулығын нығайту қамтамасыз етілді; салауатты өмір салтының негіздері, қауіпсіз өмір сүру дағдылары, қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, когнитивтік дағдылар, өзіне, отбасына, құрдастарына, қоршаған ортаға адамгершілік қарым-қатынасы, тәрбиеленушілердің қарым-қатынас мәдениеті, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздері, патриотизм қалыптасты; тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркем-эстетикалық, шығармашылық қабілеттері дамыған; Отанға, ана тіліне сүйіспеншілік тәрбиеленген; баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалды, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер берілді. Тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру арқылы жүзеге асырылды.

Екінші сұрағы бойынша бөбекжай-балабақша психологі Ж.Имамадинова «Болашақ», «Ботақан» мектепалды даярлық топтардың тәрбиеленушілердің мектепке баруға дайындығы туралы мәлімдеді. Балабақшада осы мақсаттарға жету үшін тәрбиелеу-білім беру процесінде мектепке дейінгі ұйымдағы іс-шаралардан тұратын күн тәртібіне (балаларды қабылдау, таңертеңгі жаттығу, тамақтану, серуендеу, күндізгі ұйқы, шынықтыру шаралары, балалардың үйге қайтуы) сәйкес балалар іс-әрекетінің түрлері (ұйымдастырылған, ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, заттық, қимылдық, бейнелеу) қарастырылды. Тәрбиеленушілердің эмоционалды жайлылығын, жан-жақты және толыққанды дамуын, балалардың белсенділік түрлерін және бірге әрекет етуге қатысушыларды таңдау мүмкіндігін, ойын аймақтарының қанықтылығын, қолжетімділігін, вариативтілігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дамытушы орта құрылады. Балабақша педагогтары мен ата-аналардың жұмысының нәтижесінде мектепке дейінгі ұйымның түлегі келесідей: физикалық дамыған, ізденімпаз, бастамашыл, табанды, бейімделуге қабілетті, көпшіл, өзіне сенімді, командада жұмыс істей біледі, эмоционалды жауапты, өзі, отбасы, қоғам (жақын қоғам), мемлекет (ел), әлем және табиғат туралы алғашқы түсініктерге ие.